



# АЛАТАУ арайы



Газет тарихы 1918 жылдың маусым айынан басталады



Alatau\_arayy@mail.ru  
www.alatauarayy.kz



АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ЭЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ



№45 (494) // 28 сәуір // сейсенбі // 2026 жыл



## Телекөпір арқылы тілдесті



Марат Елеусізулы бүгін осындай шара облыстың барлық ауданында өтіп жатқанын хабарлар етті.

– Телекөпірде ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Таза Қазақстан» бағдарламасын ұлттық стратегия деп айтып өтті. Был облыста осымен жетінші мәрте сенбілік ұйымдастырылып отыр. Аталған тазалық шараларына 200 мыңдай адам қатысты. Екі мың тоннадан астам қоқыс шығарылып, 60 мыңға жуық көшет егілді. Бүгін өтіп жатқан сенбілікке шамамен 40 мың адам қатысып, 300 гектар аумақ тазартылып, 19 мыңдай ағаш сайын жалғаса береді, – деді облыс әкімі.

*«Таза Қазақстан» жалпы-ұлттық экологиялық акциясы аясында облыс аумағында ауқымды ағаш отырғызу шарасы ұйымдастырылды. Оған облыс әкімі Марат Сұлтангазиев, өңір жастары, еңбек ардагерлері, саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар мен этномәдени бірлестіктердің өкілдері және еріктілер қатысты.*



Суреттерді түсірген – Аслан ҚАЖЕКЕ

деген Мемлекет басшысы еңбекқорлық, ұқыптылық, адалдық, жасампаздық құндылықтарын фильм мен сериалдар арқылы насихаттау жұмысында БАҚ пен әлеуметтік желінің мүмкіндігін дұрыс қолдану керегіне баршаның назарын аударды.

Қонаев қаласындағы Бердібек Соқпақбаев атындағы орталық саябақта өткен республикалық акцияға қатысушылар алдында сөз сөйлеген

Бүгінге дейін атқарылған тазалық жұмыстары өңірдің экологиялық жағдайын жақсартуға, жасыл желек қорын ұлғайтуға және халық арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған. Елдімекендерді көгалдандыру бойынша 2026-2030 жылдарға арналған өңірлік жоспарға сәйкес, жыл сайын облыс көлемінде шамамен 220 мың түп ағаш отырғызу көзделген.

Қонаев қаласы

### Айжарық КӨПТІЛЕУОВ

Іс-шараның ең бір ерекше сәті ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен өткен телекөпір болды. Телекөпір барысында Мемлекет басшысы тазалықтың тірегі тәрбие екенін, балаларды экологиялық мәдениетке мектеп жасынан баулу қажеттігін, сондықтан мұндай акцияларға студенттер мен оқушылардың белсене қатысқаны жөн екенін айта келе, Оқу-ағарту министрлігіне «Жасыл сабақтар» жобасын қабылдауды тапсырды. Сондай-ақ білім ордаларында суды, қуат көзін үнемдеу, қоршаған ортаны қорғауды дәріптейтін бастамаларды қолға алу және оқушылар мен студенттердің экология мәселесіне арналған ғылыми ізденістеріне жан-жақты қолдау көрсету керегін баса айтты. «Таза Қазақстан халқымызды жаңа сапалық дүниеге көтеретін ұлттық идея болуға тиіс», –



## Саябаққа сән кірді

*«Таза Қазақстан» экологиялық акциясы Жамбыл ауданының барлық елдімекенінде қарқын алды. Акцияның басты мақсаты – табиғатты қорғау, қоршаған ортаны таза ұстау, сондай-ақ жасыл аймақтарды көбейту.*

### Серік САТЫБАЛДИЕВ

Сенбілікке түрлі сала өкілдері, мемлекеттік мекеме қызметкерлері, жастар ұйымдары мен ауыл тұрғындары белсенді қатысуда. Олар көшелер мен қоғамдық орындарды тазалап, ағаштар отырғызып, гүлзарларды ретке келтіруде. Бұл – қоғамның экологиялық жауапкершілігін арттыруға бағытталған маңызды қадам.

Бұл жолғы сенбілікке Жамбыл ауданының әкімі Нұрлан Ертас арнайы қатысып, тұрғындармен бірге ағаш және гүл көшеттерін отырғызды. Аудан басшысының бұл бастамаға өзі

үлгі болып қатысуы елдімекендерді көркейтеу ісіне серпін беріп отыр. Іс-шара Жамбыл ауылындағы Мәдениет үйінің саябағынан басталып, Қарасу ауылдық округіне қарасты Сарыбай би саябағында жалғасын тапты. Бұл орындар алдағы уақытта тұрғындардың демалыс аймағына айналып, жасыл желекпен көмкерілген көрікті мекен болмақ.

Нұрлан Ертасұлы өз сөзінде аудан көлемінде атқарылып жатқан көгалдандыру жұмысының маңыздылығына тоқталды.

– Быыл Жамбыл ауданы бойынша жалпы 25 мың түп ағаш отырғызу

жоспарланған. Көктемгі кезеңнің өзінде 10 мың түп ағаш көшеті отырғызылды. Бұл жұмыстар мұнымен тоқтап қалмайды, әр сенбі сайын барлық елдімекенде жалғасады. Біздің басты мақсатымыз – аудан аумағын жасыл желекке айналдырып, тұрғындарға қолайлы әрі таза орта қалыптастыру. Көгалдандыру – бұл тек бүгінгі күннің емес, келешек ұрпақтың игілігі үшін жасалып жатқан жұмыс, – деді аудан әкімі.

Оның айтуынша, мұндай бастамалар тұрғындардың экологиялық мәдениетін қалыптастырып қана қоймай, елдімекендердің көркі мен келбетін арттыруға оң ықпал етеді. Экологиялық акциялар тек тазалықты қамтамасыз етіп қана қоймай, қоғамда бірлік пен ынтымақты нығайтады. Ал Жамбыл Жабаетовтың 180 жылдығы аясындағы көгалдандыру жұмысы – ұлы тұлғаның рухына тағзым етіп, оның есімін жаңғыртудың жарқын көрінісі.

Жамбыл ауданы

### ӘЛЕУМЕТ



## Қарттарым, аман-сау жүрші!

*Қазақ халқы қашанда қариялар қазынаға теңеп, ошағының берекесіне, отбасының ақшылығына балаған. Осыған байланысты «Атаңа не істесең, алдыңа сол келеді», «Қарты бар үйдің – қазынасы бар», «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» сынды даналық сөздер өскелең ұрпақты үлкен құрмет көрсетуге тәрбиелеп келеді. Мемлекет тарапынан да қарттарды қолдауға бағытталған жобалар жетерлік.*

### Алтынай СЕЙІТКЕН

Солардың бірі әрі бірегейі – республика көлемінде ашылған Белсенді ұзақ өмір орталықтары. Зейнет жасындағы ата-апаларымыздың уақытын мәнді де тиімді өткізуіне мүмкіндік беретін мұндай мекеме Балқаш ауданында да бар. Кеңірек тарқатар болсақ, аудандық Белсенді ұзақ өмір орталығында зейнеткерлердің денсаулығын нығайтуға арналған шахмат пен тоғызқұмалақ, йога мен цигун үйірмелері бар болса, ал скандинавиялық жүріс қарттардың қозғалысын арттырады. Бұдан бөлек, олар жадыны нығайту сабақтарында ойлау және есте сақтау қабілетін дамыта отырып, еңбек терапиясына қатысып, вокал мен би өнерін де меңгеру үстінде. Сонымен қоса аудан қарияларының басын қосқан шаңырақта психолог маман жұмыс істеп, түрлі тренинг өткізеді. Ең алғаш құрылған уақытта ондағы қызмет алушылардың саны 55 болса, ал қазір 126-ға жеткен. Былтыр бұл орталық облыс көлемінде «Жылдың үздік филиалы» атанды.

Бүгінде Балқаш өңіріндегі Белсенді ұзақ өмір орталығының ашылғанына бір жыл толып отыр. Осыған орай аудандық Мәдениет үйінде «Белсенді өмір – ұзақ өмірдің кепілі» атты мерекелік жиын өтті. Іс-шараға Балқаш ауданының әкімі Азат Құтпанбетов, облыстық аналар кеңесінің төрағасы Гүлнар Жошыбаева, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы «Белсенді ұзақ өмір орталығы» КММ филиалының директоры Жәния Сакташева, аудандық Белсенді ұзақ өмір орталығының кеңесшісі Күләш Ахмадиева, аудандық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Бақыт Сқабаев, аудандық аналар кеңесінің төрағасы Галия Әліпбаева және зейнеткерлер қатысты.

Мерекелік кеште алғашқы сөз Күләш Ахмадиеваға берілді. – Белсенді ұзақ өмір сүру – денсаулықты сақтаудың, сергектікті арттырудың, рухани тепе-теңдікті қалыптастырудың негізі. Осы игі мақсатта Бақанас ауылында 2025 жылдың 11 сәуірінде Белсенді ұзақ өмір орталығы өз жұмысын бастады. Бұл – мемлекетіміздің қарттарға деген ерекше қамқорлығы мен қолдауының айқын көрінісі деп есептеймін, – деді ол.

Бұдан кейін мінбеге көтерілген Балқаш ауданының әкімі Азат Үкітайұлы бүгінде аталмыш мекеме тек қызмет көрсететін орын ғана емес, достық пен сыйластықтың, өзара қолдау мен жылы қарым-қатынастың ордасына айналғанын сөз етті. «Мұнда әрбір жан өз қабілетін дамытып, жана орта тауып, өмірге деген құлшынысын арттыруда. Алдағы уақытта да орталықтың материалдық-техникалық базасы нығайтылып, көрсетілетін қызмет түрлері кеңейіп, қатысушылар саны артады деген сенімдеміз», – деді аудан басшысы.

Жиын барысында Белсенді ұзақ өмір орталығының директоры Жәния Сакташева бірқатар қызметкерге облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Асыл Вайсовтың Алғыс хатын табыстады. Әрі қарай концерттік бағдарлама жалғасын тауып, орталықтың қызмет алушылары өз өнерлерін паш етті. Зейнеткерлердің мың бұрала билегенін, әуелете ән шырқағанын, поэзия әлемінен таңдаулы туындыларды оқығанын, арнайы нұсқаушылармен бірге цигун, йога, скандинавиялық жаяу жүру жаттығуларын орындағанын көргенде ерекше сезімге бөленбей есте мүмкін емес. Құдды бір сахна төрінде ата-апалар емес, нағыз өнер майталмандары тұрғандай күй кешесің. Әрбір сахналық нөмірдің жүректен шыққаны, әрбір әуеннің жанға қуат, көңілге шаттық сыйлағаны сөзсіз.

Бак дарыған Балқаш ауданының қарттары кешегі өткен күннің ғана куәсі емес, олар – кемел келешегімізге жол сілтейтін бағдаршам іспетті. Қазақы құндылықтардың, ұлттық салт-дәстүрдің тамыршысы.

Балқаш ауданы





● **ЖИЫН**

# КӘСІПКЕРЛІК: ҚОЛДАУ МЕН ҚОРҒАУ



**М.Бейсебаев атындағы агробизнес және менеджмент колледжінде «Атамекен» ҰКП Талғар аудандық филиалының ұйымдастыруымен кәсіпкерлерге арналған кеңейтілген жиын өтті. Басқосуда мемлекеттік органдардың, қаржы институттарының, құқық қорғау жүйесінің өкілдері жиналып, субсидиялау, несиелерді кепілдендіру және бизнесті мемлекеттік қолдау жайында талқылады. Шара басында «Бір ауыл – бір өнім» атты дәстүрлі көрме өтті, онда шағын және орта бизнестің жетекші өкілдері өз өнімдерін ұсынды. Осылайша кеңеске қатысушылар мен қонақтар тек кәсіпкерлермен жақынырақ танысып қана қоймай, сонымен бірге олар өндіретін өнімдерді де өз көзімен көріп, тіпті түрлі тағамның дәмін татуға да мүмкіндік алды.**

● **Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ** —

Кеңестің жұмысын жүргізіп, модераторлық еткен «Атамекен» ҰКП Талғар аудандық филиалының директоры Айдос Қалжанов алғашқы сөзді облыстық кәсіпкерлік палатасы директорының экономика мәселелері бойынша орынбасары Жанна Қырғызалықызына берді. Ол осы мекеменің кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау бойынша жүргізіп жатқан жұмысы, алдағы міндеттері жайында баяндады. Оның айтуынша, бүгінде мемлекет шағын және орта бизнесті дамыту үшін түрлі құралдарды ұсынады. Бұл шаралар кәсіпкерлерге бизнес ашып кеңейтуге, стратегиялық шешімдер қабылдауға және өзгерістер жағдайында да сенімді алға жылжуға көмектеседі. Бұдан басқа, облыстық палата бизнесті қорғау мақсатында өткен жылы 14 отырыс өткізген. Соның ішінде 3 көшпелі отырыс ұйымдастырылып, онда 130 түйткілді мәселе қаралған, соның 125-і нақты шешімін тапқан. Атап айтқанда, сол отырыстардың қорытындысы бойынша кәсіпкерлердің 800 млн теңге сомасындағы құқығы қорғалған.

Жыл басынан бері палатаның отырыстарында кәсіпкерлердің 8 өтініші қаралыпты. Бүгінге күнге дейін 6 мәселе шешіліп, екеуі қаралу үстінде екен. Ал жалпы жағдай туралы айтар болсақ, «Атамекен» өкілдері облыс кәсіпкерлерінің ортақ мөлшері 1 млрд 13 млн теңге болатын құқықтарын қорғауға қол жеткізген.

● **БІЛІМ**

# ТАЛАПКЕР ҮШІН ЖАҢА МҮМКІНДІК



**Қаскелеңдегі SDU University қабырғасында IDP IELTS Kazakhstan ұйымымен бірлесіп жүзеге асырылған «IELTS on Computer» ресми тесітлеу орталығының ашылу салтанаты өтті. Бұл бастама өңірдегі жоғары білім мен халықаралық емтихан инфрақұрылымын дамытуға бағытталған.**

● **Қуат ҚАЙРАНБАЕВ** —

Іс-шараға SDU University ректоры Әлімжан Игенбаев, IDP IELTS Kazakhstan ұйымының директоры Алла Липинская, ғалымдар, оқытушылар мен студенттер қатысты. Салтанатты жиында жаңа орталықтың лентасы қиылып, заманауи талаптарға сай жабдықталған IELTS компьютерлік аудиториясы таныстырылды. Қонақтар тест тапсыруға арналған техникалық мүмкіндіктермен, қауіпсіздік жүйелерімен және емтихан өткізу стандарттарымен танысты.

Баяндамашы өңірлік палатаның қызметі жайында да сөз қозғалды. Оның айтуынша, өңірлік кәсіпкерлер палатасы жанында 9 салалық кеңес жұмыс істейді. Олар білім беру, медицина, туризмнен бастап, энергетика, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық салаларына дейін қамтиды. Әсіресе өңірлік кеңестер жемісті жұмыс істеп, өздерін озық консультативтік ұйым ретінде көрсетіп отыр. Мысалы, 2025-2026 жылдар аралығында 48 отырыс өткізіліп, онда 55 мәселе шешілген.

Облыстық кәсіпкерлік палатасы өкілі сондай-ақ кәсіпкерлерді ынталандыратын фактор саналатын «Бір ауыл – бір өнім» көрмелерінің тиімділігіне де тоқталды. Өткен жылы оған шағын және орта бизнестің 25 өкілі қатысып, нәтижесінде 3 жоба іріктеліпті. Финалға шыққандар 5 млн теңге көлемінде грант алған. Сөз соңында ол кәсіпкерлерді «Парыз», «Алтын Сапа», «Адал азамат» сияқты түрлі байқауларға белсене қатысуға шақырды.

Одан кейін сөз алған аудан прокурорының орынбасары Данияр Мұқияев заңдылықты қадағалаушы ұйымның «Атамекен» кәсіпкерлік палатасымен бірлесе жүргізіп жатқан жұмыстарына тоқталды. Ол келтірген мәліметтерге сәйкес, прокуратурада бизнесті ілгерілетуге, рұқсат құжаттарын алуға жәрдемдесу бойынша мобильдік топ жұмыс істейді. Өткен жылы аталған топ 5 кәсіпкердің құқығын заңсыз тексерулерден қорғаған. Прокурордың айтуынша, көптеген кәсіпкер заңды білмегендіктен

өз құқықтарын пайдалана алмайды, электр энергиясы тұрғысынан қандай да бір жеңілдіктер ала алмайды. Мұның бәрі, сайып келгенде, кәсіпкерліктің дамуына салқынын тигізеді. Ал заңды білу, кәсіпті қабылданған ережелер негізінде жүргізу және мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдау мен түрлі мүмкіндіктерге қол жеткізіп, оларды іс жүзінде пайдалана білу, керісінше оның дамуына ықпал етеді. Сол себепті де сөз соңында Данияр Мұхтаржанұлы кәсіпкерлерге прокуратураның есігі әрдайым ашық екенін және кез келген өзекті мәселеде көмектесуге дайын екенін жеткізді.

«Атамекен» ҰКП аудандық филиалының жұмысы жөнінде Айдос Қалжановтың өзі де кең түрде есеп берді. Ол келтірген деректерге сүйенсек, биыл ауданда шағын және орта бизнес саласында жұмыс істейтін шаруашылық нысандарының саны 25 382 бірлікті құрайды. Оның ішінде шағын бизнес – 3067, орта бизнес – 29, жеке бизнес – 20 874, фермерлік шаруашылықтар – 1412. Жыл басынан бері бизнесті қорғау саласында кәсіпкерлерден 12 өтініш түсіп, олардың құқықтарын қорғау бойынша 8 кездесу өткізілген. Бизнесті қолдаудың бірыңғай кешенді бағдарламасы аясында өңірлік кәсіпкерлер палатасының кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы 1260 консультативтік қызмет көрсетіп, аудандық кәсіпкерлер кеңесінің 8 отырысы өткізілген.

«Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында ауданнан «Қонаев» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясына 165 жоба бойынша құжат тапсырылған. 60 жоба 553 миллион теңгеге қаржыландырылып, нәтижесінде 68 адам жұмыспен қамтылған. 78 жоба бойынша қаржыландыру күтілуде, ал 27 жоба несі өз еркімен несуден бас тартқан. Бүгінгі таңда бағдарлама шеңберінде скрининг негізінде талдамалық ақпарат дайындалып, лимит қайта қаралған және 80 жобаға 1 миллиард 25 миллион теңге қаржы бөлінген. Ол сондай-ақ биыл ауданға айтарлықтай көлемде инвестиция тартылғанын, «Еуразиялық логистикалық парк» пайдалануға берілгенін, жобаны жүзеге асыруға 22 миллиард теңге жұмсалғанын атап айтты.

Кеңеске қатысқан «Даму» қоры, «ҚазАгроҚаржы», «Аграрлық несиелік корпорациясы», «БанкЦентрКредит» сияқты қаржы институттары мен мемлекеттік кіріс органдарының өкілдері де шағын және орта бизнесті қаржыландыру бағдарламалары мен құралдарын егжей-тегжейлі түсіндірді. Кездесу соңында кәсіпкерлер өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, оларға қатысты нақты кеңес алды.

Талғар ауданы

● **БРИФИНГ**

**Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпараттық алаңында өткен баспасөз мәслихатында облыстық сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің басшысы Жеңісбек Ахметов 2026 жылдың I тоқсанында атқарылған жұмыстар қорытындысын жасриялады.**

# Тұтынушы құқығы – басты назарда



● **Тоғжан ЖОЛДЫҒАЛИ** —

Спикердің айтуынша, есепті кезеңде азаматтардан түскен өтініштер саны айтарлықтай артқан. Егер 2025 жылдың алғашқы тоқсанында 592 өтініш тіркелсе, бұл көрсеткіш 1313-ке жетіп, екі еседен астам өсім көрсеткен. Бұл бір жағынан, тұтынушылар құқықтарының жиі бұзылатынын аңғартса, екінші жағынан, халықтың құқықтық белсенділігінің артқанын білдіреді.

– Өрбір өтініш – біздің бақылауымызда. Барлық дерек бойынша таң аясында нақты шаралар қабылданды. Жыл басынан бері 25 жоспардан тыс тексеру жүргізіліп, 684 762 теңге көлемінде айыппұл салынып, әкімшілік хаттамалар толтырылды. Сонымен қатар тұтынушыларға 13 миллион теңгеден астам қаражат қайтарылды. Бұл көрсеткіш департамент жұмысының тиімділігін айқындай түседі, – деді ол.

Айта кетерлігі, даулардың едәуір бөлігі сотқа дейінгі тәртіпте шешілген. Бұл азаматтарға уақыт жоғалтпай, өз құқықтарын жедел қалпына келтіруге мүмкіндік ашқан. Департамент тек құқықбұзушылықтарды анықтап қана қоймай, олардың алдын алуға да басымдық беріп отыр. Әсіресе қызмет көрсету сапасы, тауар қауіпсіздігі және азаматтардың қаржылық шығындары басты назарда. Ал сауда қызметін реттеу саласында әлеуметтік маңызды бар азық-түлік тауарларының бағасы тұрақты деңгейде сақталған. Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сәйкес, жыл басынан бергі баға индексі 101,0%-ды құраса, апталық көрсеткіш 99,9% деңгейінде қалыптасқан. Егер 2025 жылы 62 кәсіпкер жауапкершілікке тартыла, биылғы жылдың басынан бері 131 сауда субъектісіне қатысты 449 әкімшілік хаттама толтырылған. Салынған айыппұлдардың жалпы сомасы 2,4 миллион теңгеден асқан.

Брифинг қорытындысында Жеңісбек Алпамысұлы тұтынушылар құқықтарын қорғау қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылықтың маңызды тетігі екенін атап өтті. Ол тұрғындарға тауар мен қызметті таңдауда мұқият болуды, барлық растайтын құжаттарды сақтауды және құқықтары бұзылған жағдайда уәкілетті органдарға дер кезінде жүгінуді ұсынды. Департамент алдағы уақытта да тұтынушылар құқықтарын қорғау және нарықтағы заңдылықты қамтамасыз ету бағытындағы жұмысын жүйелі әрі принципті түрде жалғастырмақ.

● **ШЕКАРА ШЕБІНДЕ**

**Ел аумағының тұтастығы мен қауіпсіздігі ең алдымен берік әрі сенімді қорғалған мемлекеттік шекараға байланысты. Осы тұрғыда Қазақстан Республикасының Шекара қызметі ұлттық қауіпсіздіктің маңызды тірегі болып саналады.**

# ЕЛ ТЫНЫШТЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ

Қазақстан бес мемлекетпен құрлық арқылы шектеседі және әрбір бағыттағы шекара Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі тарапынан мұқият қорғалады. Бұл қызметтің қарамағында ел шебін күзететін, алғашқы қорғаныс желісі саналатын шекара бөлімшелері бар. Солардың бірі – «Алма-Арасан» шекара бөлімшесі. Аталған бөлімше Қарасай шекара басқармасының құрамына кіреді және Алматы қаласының маңында, теңіз деңгейінен шамамен үш мың метрге жуық биіктікте орналасқан. Оның басты ерекшелігі – аса маңызды аймақта қызмет атқаруы. Бұл өңір тек шекаралық маңызымен ғана емес, табиғи сұлулығымен де ойгілі. Бөлімше маңында Үлкен Алматы шыңы, Үлкен Алматы көлі, Турист шыңы және Аюсай шатқалы сияқты көрікті жерлер бар. Бір қарағанда туристер үшін тартымды мекен болғанымен, бұл аймақ – Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы қатаң бақылаудағы шекаралық белдеу. Табиғаты қатал бұл өңірде ауа райы да құбылмалы. Қыста қар қалың түсіп, айналаны ақ ұлпа басса, көктемде қар еріп, тау бөктерлері жасыл түске еніп, ерекше көркем көрініске бөленеді. Жабайы жануарлар тіршілігі жанданып, туристер легі де көбейе түседі. Осындай кезеңде шекаралық жұмысы одан әрі жанданады, олар арнайы бекеттерде келушілердің құжаттарын тексеріп, тәртіптің сақталуын қамтамасыз етеді. «Алма-Арасан» шекара бөлімшесінің әскери қызметкерлері тәулік бойы қырағылық танытып, күрделі табиғи жағдайларға қарамастан өз міндеттерін мінсіз атқарады. Олар арнайы кезекшілікке шығып, белгіленген бағыттар бойынша шекара сызығын күзетеді. Бұл – үлкен жауапкершілік пен жоғары дайындықты талап ететін қызмет. Бөлімшенің ішкі тыныс-тіршілігі де ерекше назар аударуға лайық. Мұнда әскери тәртіп қатаң сақталады, тазалық пен ұқыптылық жоғары деңгейде ұйымдастырылған.

Жеке құрамның тұрмыс жағдайы, тамақтануы мен демалысы талапқа сай жолға қойылған. Бұл өз кезегінде сарбаздардың денсаулығы мен қызмет сапасына оң әсер етеді. Сонымен қатар бөлімшеде жауынгерлік дайындыққа айрықша мән беріледі. Әскери қызметкерлер үнемі оқу-жаттығулардан өтіп, төтенше жағдайларда жедел әрекет ету қабілеттерін жетілдіреді. Қару-жарақ пен техниканың дайындығы, шекараны күзету жүйелері тұрақты бақылауда болады. Аталған бөлімше өзінің стратегиялық маңыздылығына байланысты жоғары басшылықтың тұрақты назарында. Мұнда жиі тексерістер жүргізіліп, оның нәтижесінде бөлімшенің қызметі, тәртібі мен қамтамасыз ету деңгейі әрдайым жоғары бағаланады. Бұл – жеке құрамның кәсібилігі мен жауапкершілігінің айқын көрсеткіші. «Алма-Арасан» – Алматы өңіріндегі қала аумағына кіретін бірегей шекара бөлімшесі. Ол ең биік тау жоталарында орналасып, ел шекарасын қорғауда маңызды рөл атқарады. Бұл жерде қызмет ету – әрбір шекарашы үшін үлкен абырой мен мәртебе. Қорытындылай келе айтармыз, «Алма-Арасан» шекара бөлімшесі – тек әскери нысан ғана емес, ел тәуелсіздігі мен тыныштығын күзетіп тұрған берік қамал. Оның сарбаздары күн сайын көзге көрінбейтін, бірақ аса маңызды қызмет атқарып, Қазақстанның шекарасын сенімді қорғап келеді. «Шекара – сызық қана емес, ол – елдің намысы, ал шекарашы – сол намыстың үнсіз, бірақ сенімді күзетшісі» деген ұғым әділ айтылған.

Райымбек ҚУДАЙБЕРГЕН,

ҚР ҰҚК Шекара қызметі

Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасы «Алма-Арасан» шекара бөлімшесі бастығының орынбасары, лейтенант

Қарасай ауданы



● ЖАҚЫПЖАН НҮРҒОЖАЕВ – 80



*Кеген ауданында көрнекті қаламгер, Қазақстанның Мәдениет қайраткері, Қазақстанның Құрметті журналисі, «Парасат», «Құрмет» ордендерінің иегері Жақыпжан Нұрғожаевтың 80 жылдық мерейтойы кең көлемде аталып өтті.*

● Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ

Аукымды шараның алғашқы күні мерейтой иесін жерлестері Кеген ауылының кіреберіс қақпасынан айрықша ықыласпен қарсы алды. Ақ дастарқан жайылып, ұлттық дәм ұсынылып, әуелеген ән мен жүрекжарды лебіздер тойдың көркін аша түсті. Одан кейін Жақыпжан Мысабекұлы бастаған зиялы қауым өкілдері Қарқарадағы шекара бекетіне арнайы барып, ел тыныштығын күзетіп тұрған сарбаздармен мазмұнды кездесу өткізді. Бұл басқосу елге қызмет етудің маңызын ұлықтап, жас буынға рухани серпін берді. Мерейтой аясындағы маңызды шаралардың бірі – Кеген аудандық балалар мен

жасөспірімдер спорт мектебінде грек-рим күресінен өткен турнир. Жарыс жас ұрпақты спортқа баулып, салауатты өмір салтын насихаттаумен қатар, елге еңбегі сіңген тұлғаға деген құрметтің айқын көрінісіне айналды. Турнир қорытындысында Жақыпжан Мысабекұлы бастаған қаламгерлер желіспаздар мен жұлдегерлерді салтанатты түрде марапаттады. Шаралар легі мерейтойдың мәнамызын арттырып, қатысушыларға ерекше әсер қалдырды.

Коворкинг орталығындағы «Өнегелі өмір – өрелі сөз» атты сыр-сұхбатта қаламгерлер – Аршагүл Тойбай, Кәдірбек Құныпияұлы, Қуат Қайранбаев мерейтой иесінің өмір жолы мен шығармашылығы туралы тағалымды ой-пікірлерін ортаға салды. Одан кейінгі іс-шара Кеген аудандық тарихи-өлкетану музейінде жалғасты. Сондай-ақ бұл күні Ө.Жаңабаев атындағы орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті кабинетіне жазушының есімін беру салтанаты өтті. Шараға аудан әкімі Нұрбақыт Теңізбаев бастаған зиялы қауым өкілдері, ұстаздар мен оқушылар қатысты. Оқушылар Жақыпжан Мысабекұлына деген жүрекжарды арнауын ұсынып, қонақтармен мазмұнды сұхбат өрбітті.

Қаламгердің мерейтойы аясында өткен «Ұрпақтар сабақтастығы: жасыл жол» атты ағаш егу акциясы да ерекше мазмұнымен көпшіліктің көңілінен шықты. «Жастар» аллеясында аудан әкімі Нұрбақыт Молдахметұлы, жазушы Жақыпжан Нұрғожаев, қоғам қайраткері Токқожа Естенов, «Өлке тынысы» ЖШС директоры Кәдірбек Құныпияұлы, Алматы облыстық «Алатау арайы» газетінің бас редакторы Қуаныш Тұнғатар, Жетісу облыстық «Жетісу» газетінің бас редакторы Жұматай Әміреев, сондай-ақ мекеме басшылары мен аудан жастары бірлесіп ағаш көшеттерін отырғызды. Табиғатты аялауға бағытталған бұл игі бастама жас ұрпаққа жасыл мұра қалдырудың маңызын ұғындырды.

басқарма төрағасының орынбасары, ақын Ғалым Қалибекұлы мерейтой иесінің қазақ әдебиетіне сіңірген еңбегін жоғары бағалай отырып, «Қазақстанның Құрметті жазушысы» төсбелгісін салтанатты түрде кеудесіне тақты. Сонымен қатар Қазақстан Журналистер одағы Алматы облыстық филиалының төрағасы, облыстық «Алатау арайы» газетінің бас редакторы Қуаныш Тұнғатар ұстазы туралы ағынан жарылып, Қазақстан Журналистер одағының төрағасы Сейітқазы Матаевтың құттықтауын оқып берді. «Мұқағали» журналының бас редакторы Дүйсен Мағлұмов ақын ақынның мұрасын зерттеуде Жақыпжан Нұрғожаевтың еңбегі зор екендігін тілге тиек етіп, Мақатаев атындағы халықаралық қоғамдық қордың

Мәжитұлы қаламгер шығармашылығы туралы баяндама жасап, тереннен толғанды.

Кештің маңызды сәттерінің бірі – Жақыпжан Мысабекұлының 7 томдық таңдамалы туындыларының тусуәкерсі болды. Кітаптың лентасын ақын Ғалым Қалибекұлы, қоғам қайраткерлері Стахан Белғожаев, Аян Айтжанов, Токқожа Естенов салтанатты түрде қиды.

«Жазушының жеті томдығында зерделі зерттеулер, деректі прозалар және толғаулары топтастырылған», – деген «AR» баспасының жетекшісі, ақын Ержан Алаштуған көптомдыққа қысқаша тоқталып өтті.

Шара соңында «Үшқоңыр» фольклорлы-этнографиялық ансамблі өнер көрсетсе, Қазақстанның Халық әртісі Рамазан Стамғазиев халық

# Мерейлі белес



«Мұқағали» төсбелгісін табыс етті. Ал Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің проректоры Бақытжан Омаров университет ректоры Жансейіт Түймебаевтың құттықтауын жеткізіп, құрмет көрсетті. Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, ақын Батық

әндерін орындап, көрерменге мерекелік көңіл-күй сыйлады. Кегенде өткен бұл кеш – бір ғана қаламгердің мерейін емес, шығармашылықты қадірлейтін елдің рухани деңгейін көрсетті.

Кеген ауданы

## ТҰЛҒА

● (Мерейтой кешінде оқылған баяндама) ●

*80-жылдардың ортасында Жақыпжан Мысабекұлы өзінің қалауымен Шелек аудандық «Еңбек туы» газетін басқаруға барады. Ізденгіш қаламгер бұл істі ел-жұртпен, қалың бұқарамен жақын араласудың мүмкіндігі деп біледі. Бір жарым, екі жылдың көлемінде ауданда еңбек етіп, қайтадан Алматыға кетті. Енді мына сәйкестікке қараңыз, осы оқиганы жалғастыру менің еншіме де бұйырыпты. Жоғарғы партия ұйымы «Еңбек туы» газетінің редактордың орынбасары етіп тағайындады. Сол кездерде аудан еңбеккерлерінен Нұрғожаев туралы риза көңілмен айтылған әдемі әңгімелерді көп естідім. Аз уақыттың ішінде ішеліктіктермен етжақын араласып, сырласып та, сыйласып та үлгерген.*



Көпшіліктің жүрегін танып, оларды өзіне баурап алатын зиялы мінез Жақанның бойына қайдан дарыды деген сұрақтың жауабын іздедім және оны таптым. Мұндай ерекшеліктер қаламгерге Алматының үлкен мәдениетінен жұғысты болыпты. Ауданға барған себебі, «Лениншіл жастан» үйренген озық тәжірибені елдегі жігіттермен бөлісуді ниет еткен. Соның дәлеліндей болып «Еңбек туы» газеті кереметтей өзгерді. Көкейкесті рубрикалар пайда болды. Тың идеялар бой көрсетті. Жарияланған мақалалардың сапасы мен мазмұны жаңа сипатта жаңғырды. Газеттегі үздік жұмыстар еліміздің бас басылымы «Социалистік Қазақстанда» арнайы көрсетіліп, күллі республикаға танылды. Жақан осы арқылы «Еңбек туындағы» әріптестерін шыңдады, оларға үлкен жауапкершілік жүктелді.

70-жылдары «Лениншіл жас» газетіне қызметке түру журналистер үшін арманның асқар шыңындай еді. Басылымның тізгінін ұстаған, десі мен сесі бет қаратпайтын, жүрегінің түгі бар Сейдахмет Бердіқұлов секілді басшы «қисынын тауып, қиядан шауып» ұлттық мүддеге қызмет етті. Сол кездегі жастар, мына біз, оған талай рет куә болдық. Бердіқұлов секілді бас редактордың назарына ілігіп, ұжымына қабылданғандардың қатарында Жақыпжан Нұрғожаев та бар еді. Сынақтардан сүрінбей өтіп, алдым меңгерушісі атанды. Оқырман мен әріптестер бөлімінде жүзін жарқын ұстады.

Жақыпжан Нұрғожаевқа қатысты «Лениншіл жаста» өткен тұшымды оқиғалар аз емес. Оның бір мысалы мынандай: Қызылорда облысы Жанакорған ауданынан редакцияға хат келеді. Жазықсыз жапа шеккен, бірақ ақиқатты дәлелдей алмаған жан «Лениншіл жастан» көмек сұрайды. Алайда бұл іске араша түсу қиынның-қиыны еді. Себебі бәрі тергеліп, тексеріліп, қорытындысы әлдеқашан шыққан. Тіпті соттың алғашқы сатыдағы үкімі жарияланып, күдікті қылмыскерге айналды, колонияға жіберілген. Оны шыңыраудан суырып алуға күш жете ме, жетпей ме, белгісіз.

Бас редактор Бердіқұлов маңдайын уқалап отырып, көп ойланады. Жігіттерінің журналистік

қауқарын таразыға салды, ой сүзгісінен өткізді. Сөйтіп барып бір шешімге келеді. Таңдау Нұрғожаевқа түседі. Журналист редактордың сенімін ақтау үшін аянбады. Майданның алғы шебінде жүргендей кеудесін оққа тосты. Ашпаған есігі, сөйлеспеген адамы қалмады. Жеңілгенді кім жақсы көреді?! Қарсыластары да қарап жатқан жоқ, жанталаса қимылдады. Әлілдік жолында күрескен газет қызметкері бұл істе қаламға ғана жүгінбеді. Әмбебап маманға айналды. Тергеушінің, адвокаттың, тіпті прокурордың міндетін бір өзі атқаруға тура келді. Күндіз күлкі, түнде ұйқыдан қалып, небір күрделі ізі кесуді орындады. Соның нәтижесінде мүмкін еместі мүмкін етті. Жазықсыз жанның тағдырын арасаларды. Сотталған азаматтың анықталды. Құзырлы орындарды бұлтартпас дәлелдермен мойындатты. Аталған мақала «Лениншіл жаста» жарияланып, республика тұрмақ, бүкіл Одақтың назарын өзіне аударды. Ең бастысы, сотталған жігіт аман-есен абақтыдан шығып, отбасымен қауышты. Сыр бойының қазағы мен Аспантаудың қазағы ақыреттік достарға айналды. Бұл – газет пен журналистің қол жеткізген орасан зор жеңісі еді. Жастар басылымының қызметінде мұндай жанкешті сәттерді Жақан бұдан кейін де сан рет кездестірді.

Кезінде Алматы облыстық газетінің өзіне тән ерекшелігі болды. Біріншісі, ол республика астанасы Алматыда шықты. Редакцияға жоғары деңгейде шындалған кадрлар топтасты. Үлкен

басылымдармен нығыз теңестірді. Екіншісі, газетті дарынды әрі қарымды, көрнекті қайраткерлер басқарды. Басқасын былай қойғанда, Ораз Жандосов, Әбдіүәли Қарағұлов, Кәкімжан Қазыбаев, Сарбас Ақтаев, Мамадияр Жақып, Баймолда Мүсіндерді атап өтсек те жеткілікті. Сол кісілердің салған сара жолын ойдағыдай жалғастыру – ізбасарлар үшін үлкен жүк, үлкен сын. Сондықтан бас редакторлық қызметке Жақыпжан Нұрғожаевтың таңдалғаны бекер емес.

Жақан өзіне жүктелген сенімді толық ақтады. Өтпелі кезең деп аталған 2000-жылдардағы қиындықтарды нағай көтерді. Ескі мен жаңаның теке-тіресінде тұрғанда, қарауындағы журналистерді тәуелсіздік талабына сай етіп қайта дайындады. Сындарлы шақта сыр бермеген ердің ерен ісін бәріміз сүйіндік. Жаңа тұрпатты үгіт-насихатқа егемендіктің дәнін септі. Өміршең идеялар ізледі. Толғаныстары көз ілдірмей, аттар танды ұйықтаймы қарсы алғанына талай рет куә болдым десем, сенер ме едіңіздер?!

Облыстық газетті ұлттық идеологияға қызмет еткізу үшін тер төкті. Сөз бостандығына жүгінді. Баспасөз туралы заң талаптарын сақтауға, елдік мұратты баптауға батыл кірісті. Жанаша ойлауды қалыптастырды. Шығармашылық бәсекемен дамытты. Редакция ішіндегі жоспарлы қызмет пен еңбек тәртібін нығайтты. Ынталандыруды әділетке бағындырды. Сондықтан бас редактордың өздік әріптестері алдында ерқашанда жарқын. Жақан лауазымының буына семірген жоқ. Ол өзін

ең алдымен журналист ретінде сезінді. Ізгіліктің үлгісі мен өнегесін көрсетті. Сондай-ақ орынтағын қимайтын жаман шалдарға ұқсамады. Сырты 63-те, іші 25-тегі буырқанған қалыпта зейнеткерлер армиясына қосылды. Айналасына қасқая қарап атын қамшылады. Ата жолымен ақ батасын беріп, облыстық газетті мұрагерлерінің қолына табыстады.

2005 жыл. Бұл жыл ерекше есте қалды. Өйткені әулие бабамыз Райымбек батырдың 300 жылдығы аталатын болды. Дүбірлі тойға қатысқандар тағы бір жаңалықты естіді. Республикаға тарайтын «Мұқағали» журналы тұңғыш рет оқырманның қолына тиді. Бұл жерде бір ақиқатты ескерген жөн. Журналдың жобасын ойлап тапқан, оның жоспарын жасаған – Жанболат Аупбаев пен Рысбек Сәрсенбайұлы. Әріптестердің еңбегін ұмытпауға тиіспіз. Жоба авторлары Жақыпжан Нұрғожаев екеумізді шақырып алып, тапсырма берді. Жақанның еншісіне менеджерлік міндет тиді. Маған шығармашылықтың тізгінін ұстатты. Біз ағалы інідей болып ынтымақтың туын көтердік. Елдік мақсат жолында тізе қостық. Соның арқасында журнал барша зиялы қауымның, Мемлекет басшыларының назарына ілікті. Жақанның іскерлігі жемісін берді. Кенес Үшбаев, Амангелді Ермегияев, Стахан Белғожаев, Токқожа Естенов, Тоқан Ботабеков секілді кәсіпкер бауырларын ақын атындағы басылымның демеушілігіне жұмылдырды. Нәтижесінде редакцияның қаржылық әлеуеті айтарлықтай жақсарды.

«Мұқағали» журналы бізге көп нәрсені үйретті. Бұл қызметте жүріп бір-бірімізді рухани баюға үнедік. Жақанның жазушылығы қайта шындалды. Кітаптары мемлекеттік тапсырыспен шыға бастады. Шебер нақышталған әңгіме, хикаяттары көпшіліктің көңілінен шықты. Сонымен қатар Жақан бірте-бірте мұқағалитану тақырыбына ойысты. Ақын туралы деректерді жинағанда, оны қайта тірілтіп, көркем образға айналдырды. Сондай шығармаларын оқысаңыз, Мұқағали қасыңызда жүргендей әсер аласыз. Жаңаша жол тапқанына Жақанның өзі де қуанды. «Кең дүние, тосінді аш, мен келемін» роман-эссенің редакторы болдым. Авторды айтулы табысымен шын жүректен құттықтадық. Романды тізе қосып еңбек еткен жемісті жылдарымыздың олжасы деп бағалайдым.

Ардақты ағайындар, шағын баяндамада қағазға сыймаған ойлар, сан пікірлер аз емес. Оны Нұрғожаев шығармасына көңіл аударған жақыпжантанушылар алдағы уақытта толықтырады деп сенемін.

Қымбатты мерейтой иесі – Жақыпжан бауырым! Менің анық байқағаным, сіз сененің есігін әдемі аштыңыз. Шаршамаған секілдісіз. Есесіне, шабытыңыздың тасығанын біліп отырмыз. Мен сіздің аяулы анаңыздың көзін көрдім, қолынан дәм таттым. Жарықтық, ғасыр биігінен асып, ақылды күйінде дүниеден озып еді. Осындай алтын құрсақтан шыққан сіздің де асылдың сынығы екеніңізге шүбәм жоқ. Мыңдаған сәттілікті арқалап, жүздің сөресіне абыроймен жетіңіз!

Батық МӘЖИТҰЛЫ,  
Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының  
лауреаты



● ФЕСТИВАЛЬ



# ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ СӨЗ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

*Технология қарыштап дамыған заманда тілдің тазалығы мен сөздің құны ұмыт қалмауы керек. Өйткені тіл – қоғаммен, заманмен бірге дамиды, үнемі өзгеріп, толығын тұратын жанды құбылыс. Сондықтан ана тіліміз цифрлық дәуірде сан гасырлық сыр-сипаты мен мәнін жеткізіп, сақталып отырып, жаңа көштің де қарқынына ілесіп білуі маңызды. Осы орайда облыс әкімі Марат Сұлтанғазиевтің бастамасымен аудандарға ұйымдастырылып жатқан тіл фестивалі Еңбекшіқазақ ауданында да өз мәресіне жетті.*

● Құралай МҰРАТҚЫЗЫ

«Сөз құндылығы цифрлық дәуірде» деген тақырыппен Тұманбай Молдағалиев атындағы Еңбекшіқазақ аудандық Мәдениет үйінде өткен шараға облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарманың басшысы Салтанат Беспаева, аудан әкімінің орынбасары Ерболат Сарабеков, зиялы қауым өкілдері, депутаттар, тіл мамандары, өңір тұрғындары мен этномәдени бірлестіктердің мүшелері қатысты.

Қонақтар жыр алыбы Жамбыл Жабаявтың ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, ұлт руханиятына құрмет көрсетті. Одан кейін Мәдениет үйінің фойесінде ұйымдастырылған мазмұнды көрмелерді тамашалады. Мұнда Есік өлкетану музейі мен Ұста Дәркембай Шоқпарұлы атындағы колонер музейінің көшпелі экспозициялары қойылып,

тарихи жәдігерлер мен ұлттық кол-өнер туындылары көпшілік назарына ұсынылды.

Рухани қазынаның ордасы, тіл мен сөздің сыр сандығы – кітапханалар екенін ескерсек, технология дамыған заманда мұнда да көп өзгеріс орын алып жатыр. Кітап қорларын сандық форматқа көшіріп, оқырман қажет ақпаратқа барып жеткізіп, әрі тез қол жеткізуі үшін еңбектеніп жатқан аудандық кітапхана да көрмеде өз жұмысын таныстырды.

Ғылыми-танымдық көрме қатарын жалғаса аудан мектептеріндегі жас өнертапқыштардың тың жобалары мен шығармашылық жұмыстары фестиваль қонақтарының ерекше қызығушылығын тудырды. Цифрлық технологиялардың қыр-сырын саралап, сөздің құдіреті мен құнын насихаттауға бағытталған жобаларын О.Жандосов, Төле би, И.Шорманов, Қ.Орымбетов атындағы орта мектептер, №6 қазақ орта мектеп-лицейі, Шелек және Өрікті ауылдарының қазақ орта мектептерінің оқушылары ұсынды. Жаңа технологияның тілін тауып, оны ана тілімізді терең таныту құралы ретінде пайдаға асыра алған өрендер күн санап жаңарып жатқан IT саласының мүмкіндіктерін тиімді игеріп, қазақ тіліндегі цифрлық контентті дамытуға өзіндік үлес қосып келеді.

«Сөз құдіреті» танымдық жобасында оқушылар қазақ тіліндегі сөздердің этимологиясын ролл ап, слайд, ойын түрінде ұсынды. QR-мен әр сөздің мағынасын оқып, нақты мысалдар келтірді. «Stories of Steppes» and «QazComics» жобасымен дайындалған қазақ ағылшын тілдеріндегі комикстерді де телефоннан оқуға болатынын алға тартты. Балалардың бірі электронды кітап ұсынса, енді бірі әдебиет әлеміндегі қазақтың көрнекті тұлғалары мен олардың шығармаларын аудио-құрылғыға енгізіп қойған. Ал тағы бірі жасанды интеллекттің көмегімен қазақша мультфильмдер дайындаған. Сонымен қатар робот құрастыруды, 3D модельдеуді меңгерген оқушылар да өз жұмыстарын көпшілікке көрсетті.

«Үлкен жобалар кішкентай қадамдардан бастау алады. Оқушылардың жаңа технологиялардың тетігін таба отырып, тілімізді насихаттауға, өрісін кеңейтуге деген осынау қызығушылығына қолдау танытып, үлкен қадамдарға қазірден бағыт-бағдар көрсетуіміз керек», – деген облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарма басшысы Салтанат Дауысбекқызы оқушылармен жеке-жеке тілдесіп, олардың жобаларына оң бағасын берді. Сондай-ақ білімге құштар өрендердің жасап жатқан жұмысы кеңінен насихатталып, қатарластарына үлгі-өнеге болуы керектігін де тілге тиек етті.

Фестивальдің шымылдығын ашып, қонақтарды құттықтаған басқарма басшысы: «Сөз құндылығы цифрлық дәуірде» жобасы Алматы облысы әкімінің бастамасымен Қонаев қаласында бастау алып, этнос өкілдері тығыз қоныстанған бес ауданда жалғасын тауып жатыр. Цифрлық технология дамыған, жасанды интеллект қарқын алған дәуірде мемлекеттік тіліміздің тасада қалмай, бірге дамуы, интернет әлемінде қазақтілді сапалы ақпарат санының артуы, қазақ тілінде сөйлеушілер қатарының көбеюі маңызды. Бұл – тіл мәртебесінің бір көрсеткіші. Сондықтан Алматы облысында тіл саясатын жүзеге асыру бағытында жүйелі жұмыстар үздіксіз жүргізіліп келеді», – дей келе, өңірде тілдерді дамытуға арналған мәдени-танымдық жобаларға атсалысып, мемлекеттік тілдің мәртебесін биіктетуге барынша үлесін қосып отырған аудан азаматтарын марапаттап, облыс әкімі Марат Сұлтанғазиевтің Алғыс хатын табыстады.

Ақпарат алмасу жылдамдығы жылдан-жылға қарқындап барады. Осындай тұста айтылған, жазылған әр сөздің жүгі, сөйлеушінің жауапкершілігі, ақпарат айдынындағы тіл мәдениеті, ақпарат сапасы бұрынғыдан да маңызды бола түсті. Қазіргі интернет әлемі, әлеуметтік желілерде сөз мәдениетін қалыптастыру, ұлттық құндылығымыз – ана тіліміздің тазалығын сақтау – әрқайсымыздың борышымыз.

Еңбекшіқазақ ауданы

● РУХАНИЯТ

# Кітаппен дос бол!

*Кеген ауданы Қарқара ауылдық кітапханасында Ұлттық кітап күніне орай кітап түні акциясы өткізілді. Кеш барысында кітап көрмесі ұйымдастырылып, оқырман назарына түрлі жанрдағы әдебиеттер ұсынылды. Сонымен қатар қатысушылар өздері оқыған сүйікті кітабы туралы ой бөлісіп, пікірін ортаға салды.*

Кеш барысында әдеби қызықты ойындар өткізіліп, белсенді қатысқан оқырмандар марапатталды. Кітап кейіпкерлерінен шағын көрініс қойылып, өлеңсүйер қауым ақын-жазушылардың шығармаларын мөнерлеп оқыды. Осындай тағылымды шаралар арқылы кітапқа деген сүйіспеншілік артық білімге құштар ұрпақ қалыптасары сөзсіз.

Қазіргі жаһандану дәуірінде білім мен руханияттың маңызы бұрынғыдан да арта түсті. Сан түрлі ақпарат көздері көбейген заманда адамның ой-өрісін кеңейтіп, дүниетанымын қалыптастыратын ең сенімді құрал – кітап. Кітап – ұлттың рухани қазынасы, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан асыл мұра. Сондықтан да кемел болашаққа бастар жол ең алдымен кітаппен тығыз байланысты.



Кітап оқу – тек білім алу ғана емес, ол адамды тәрбиелеудің, ойлау қабілетін дамытудың, тіл байлығын арттырудың ең тиімді жолы. Кітап арқылы адам өткен тарихты таниды, ертеңгі күнге бағыт-бағдар жасайды. Әрбір оқылған шығарма оқырманның жандүниесіне әсер етіп, оны ізгілікке, адамгершілікке, парасаттылыққа жетелейді.

Әсіресе, жас ұрпақ үшін кітаптың орны ерекше. Бүгінгі оқырман – ертеңгі ел тірегі. Сондықтан жастардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру – қоғамның басты міндеттерінің бірі. Кітап оқыған бала ойлы, саналы, білімді болып өседі. Ол өз елінің тарихын, мәдениетін құрметтеп, болашағына жауапкершілікпен қарайды.

Қазіргі технология дамыған заманда кітаптың орны төмендейді деген пікірлер айтылып жатады. Алайда қандай заман болса да, кітаптың құндылығы ешқашан жойылмайды. Ең бастысы – оқу мәдениетін сақтап, оны жана деңгейде дамыту.

Кітапхана – білімнің ордасы, рухани орталық. Мұнда әр оқырман өзіне қажетті мәлімет алып қана қоймай, рухани тынығып, ой-санасын байытады.

Қорыта айтқанда, кітап – кемел болашақтың кепілі. Кітаппен дос болған адам ешқашан адаспайды, өз жолын табады. Сондықтан әрқайсымыз кітап оқуды өміріміздің бір бөлшегіне айналдырып, білімді де бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеуге атсалысуымыз қажет. Кітаппен бірге алға басқан елдің болашағы әрқашан жарқын болмақ.

Ақмарал ТҰРСЫНОВА,  
Қарқара ауылдық кітапханасының қызметкері  
Кеген ауданы

12.06.2026 жылы, сағат 11:00-де Алматы облысы Жамбыл ауданы Ұзынағаш ауылы, Мәжитов көшесі 1 мекенжайында «Алматы облысы Жамбыл ауданында орналасқан «Қарғалы-8» Блок-1 құм-киршіш тас қоспасы кен орнының тау-кен жұмыстарының жоспары бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Зум видео-конференция қосылу сілтемесі: конференция идентификаторы: 236 019 1471, қатынау коды: jD3mfl. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «Қарғалы Тас» ЖШС, БСН: 240240004533, мекенжайы: Алматы облысы Қарасай ауданы Кемертоған ауылы, «Орбита» бау-бақша серіктестіктерінің кооперативі, 1/44 үй, тел: 87077510108, askar\_jai@mail.ru.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады.

Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А.Құрманғалиев» ЖҚ, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

«Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 329267есо@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13.

12.06.2026 г. в 11:00 часов по адресу: Алматинская область, Жамбылский район, с.Узынагаш, ул.Мажитов 1 будут проводиться общественные слушания по проекту «План горных работ месторождения песчано-гравийной смеси «Каргалы-8» Блок-1 расположенного в Жамбылском районе Алматинской области».

Ссылка на подключение Зум видео-конференцию: идентификатор конференции: 236 019 1471, код доступа: jD3mfl. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Каргалы Тас», БИН: 240240004533, адрес: Алматинская область, Карасайский район, с.Кемертоған, Потребительский кооператив садоводческих товариществ «Орбита», дом 1/44, тел: 87077510108, askar\_jai@mail.ru.

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz.

Разработчик экологического проекта: ИП «Курманғалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», 329267есо@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, г.Қонаев, проспект Жамбыла, 13.

12.06.2026 жылы, сағат 11:30-да Алматы облысы Жамбыл ауданы Ұзынағаш ауылы, Мәжитов көшесі 1 мекенжайында «Алматы облысы Жамбыл ауданында орналасқан «Қарғалы-8» Блок-2 құм-киршіш тас қоспасы кен орнының тау-кен жұмыстарының жоспары бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Зум видео-конференция қосылу сілтемесі: конференция идентификаторы: 236 019 1471, қатынау коды: jD3mfl. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «QQM Stroy» ЖШС, БСН: 250740023548, мекенжайы: Жетісу облысы Панфилов ауданы, Қорғас ауылы, Есептік квартал 134, 25 ғимарат, тел: 87077510108, askar\_jai@mail.ru.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады.

Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А.Құрманғалиев» ЖҚ, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

«Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 329267есо@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13.

12.06.2026 г. в 11:30 часов по адресу: Алматинская область, Жамбылский район, с.Узынагаш, ул.Мажитов 1 будут проводиться общественные слушания по проекту «План горных работ месторождения песчано-гравийной смеси «Каргалы-8» Блок-2 расположенного в Жамбылском районе Алматинской области».

Ссылка на подключение Зум видео-конференцию: идентификатор конференции: 236 019 1471, код доступа: jD3mfl. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «QQM Stroy», БИН: 250740023548, адрес: область Жетісу, Панфиловский район, с.Корғас, Учетный квартал 134, здание 25, тел: 87077510108, askar\_jai@mail.ru.

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz.

Разработчик экологического проекта: ИП «Курманғалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», 329267есо@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, г.Қонаев, проспект Жамбыла, 13.

18.05.2026 ж. бастап 10 күн жұмыс ішінде ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында Алматы облысы Жамбыл ауданында орналасқан «Қарғалы-8» Блок-2 құм-киршіш тас қоспасы кен орнында жер қойнауын пайдалану салдары жою жоспарына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «QQM Stroy» ЖШС, БСН: 250740023548, мекенжайы: Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Қорғас ауылы, Есептік квартал 134, 25 ғимарат, тел: 87077510108, askar\_jai@mail.ru.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады. Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А. Құрманғалиев» ЖҚ, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

«Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 329267есо@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13.

С 18.05.2026 г. в течении 10 рабочих дней на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к плану ликвидации последствий недопользования на месторождении песчано-гравийной смеси «Каргалы-8» Блок-2 расположенный в Жамбылском районе Алматинской области.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «QQM Stroy», БИН: 250740023548, адрес: область Жетісу, Панфиловский район, с.Корғас, Учетный квартал 134, здание 25, тел: 87077510108, askar\_jai@mail.ru.

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz. Разработчик экологического проекта: ИП «Курманғалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», 329267есо@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, г.Қонаев, проспект Жамбыла, 13.

18.05.2026 ж. бастап 10 күн жұмыс ішінде ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында Алматы облысы Жамбыл ауданында орналасқан «Қарғалы-8» Блок-1 құм-киршіш тас қоспасы кен орнында жер қойнауын пайдалану салдары жою жоспарына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Қарғалы Тас» ЖШС, БСН: 240240004533, мекенжайы: Алматы облысы Қарасай ауданы, Кемертоған ауылы, «Орбита» бау-бақша серіктестіктерінің кооперативі, 1/44 үй, тел: 87077510108, askar\_jai@mail.ru.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады. Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А. Құрманғалиев» ЖҚ, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

«Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 329267есо@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13.

С 18.05.2026 г. в течении 10 рабочих дней на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к плану ликвидации последствий недопользования на месторождении песчано-гравийной смеси «Каргалы-8» Блок-1 расположенный в Жамбылском районе Алматинской области.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Каргалы Тас», БИН: 240240004533, адрес: Алматинская область, Карасайский район, с.Кемертоған, Потребительский кооператив садоводческих товариществ «Орбита», дом 1/44, тел: 87077510108, askar\_jai@mail.ru.

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz. Разработчик экологического проекта: ИП «Курманғалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», 329267есо@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, г.Қонаев, проспект Жамбыла, 13.

**АЛАТАУ арайы**

**Бас редактордың бірінші орынбасары:**  
Алма ЕСЕНБАЙ

**Бас редактордың орынбасары:**  
Болат МӘЖИТ

**Жауапты хатшы:**  
Шолпан НҰРЖАУОВА

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**  
Алматы облысының әкімдігі

**Меншік иесі: «Өлке тынысы» ЖШС**

**Директор:**  
Кәдірбек ҚҰНЫПИАҒЫ

**Бас редактор:**  
Қуаныш ТҰНҒАТАР

**МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:**

Жамбыл ауданы – Серік САТЫБАЛДИЕВ 8 701 254 97 55  
Қарасай ауданы – Қуат ҚАЙРАНАБЕВ 8 701 347 60 32  
Талғар ауданы – Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ 8 702 488 56 12  
Еңбекшіқазақ ауданы – Құралай МҰРАТҚЫЗЫ 8 700 573 30 11  
Ұйғыр ауданы – Анар ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ 8 702 213 95 83  
Райымбек ауданы – Жұмабек ТҰРДИЕВ 8 777 029 45 22  
Кеген ауданы – Дәурен ӘБУТЛІПОВ 8 777 218 63 25  
Балқаш ауданы – Алтынай СЕЙІТКЕН 8 747 790 70 28

**ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**

Жайһар АМАНГЕЛДИЕВА 8 708 210 95 71  
alatau.jarnama@mail.ru 8 747 688 17 41

*Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.*

Газет облыстың бөлінуіне байланысты жаңадан тіркеліп, 2022 жылдың 3 қыркүйегінен Қонаев қаласынан шығады

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді

«Алатау арайы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек

Газеттегі кейбір суреттер ғаламтордағы ашық дереккөздерден алынады

Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2024 жылы 2 ақпанда қайта тіркеліп, № КЗ22ҰР000086933 куәлігі берілген.

**Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы**

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы – Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады. М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

**МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:**  
Қонаев қаласы, Достық көшесі, 1.

Тапсырыс – 437

«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы – 12 000, оның ішінде, «Алатау арайы» газетінің осы шығарылымының таралымы – 7 823. Индексі – 64792.

**Кезекші редактор: Құралбек СӨБИТОВ**